

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№\_\_\_

2019 жылғы 11 желтоқсан

**Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 шілдедегі №311 «Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі №175 «Жергілікті атқарушы органдардың 2017-2019 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15170 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2019 жылғы 12 қарашадағы №12 хаттамасының негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 шілдедегі №311 «Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

Осы шешімге қосымшаға сәйкес, жоғарыда көрсетілген шешімге қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**Ж. МҰХАМБЕТПАИЗОВА**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**

**«Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану»  
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2019-2025 жылдарға  
мемлекеттік міндеттемелер**

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)	соның ішінде жылдарға:						
Функционалдың кіші топ						2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
		Бюджеттік бағдарлама әкімшісі										
		Бағдарлама										
		Атауы										
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>13</b>				<b>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік</b>	<b>1 944 053,4</b>	<b>417 923,7</b>	<b>474 893,0</b>	<b>344 393,8</b>	<b>305 346,3</b>	<b>138 577,3</b>	<b>133 982,3</b>	<b>128 937,0</b>
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 944 053,4	417 923,7	474 893,0	344 393,8	305 346,3	138 577,3	133 982,3	128 937,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 944 053,4	417 923,7	474 893,0	344 393,8	305 346,3	138 577,3	133 982,3	128 937,0
				соның ішінде:								
				«Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану»	1 944 053,4	417 923,7	474 893,0	344 393,8	305 346,3	138 577,3	133 982,3	128 937,0